

"Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдік мекемелеріндегі бухгалтерлік есеп жүргізу жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы"

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі 1999 жылғы 20 шілде N 27. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 20 тамызда тіркелді. Тіркеу N 868. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 08-1-1-/146 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Сыртқы істер министрінің 2012.04.27 № 08-1-1-/146 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі туралы қағиданың 12 тармағының 7 тармақшасына сәйкес бұйырамын:

1. Қосымшада берілген Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің шетелдік мекемелеріндегі бухгалтерлік есеп жүргізу жөніндегі нұсқаулығы бекітілсін.

Министр

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдік мекемелеріндегі бухгалтерлік есеп жүргізу жөніндегі нұсқаулық
Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру

1. Бюджет бойынша шығыстар сметасын орындаудың бухгалтерлік есебін жүргізу Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің осы нұсқаулығына және оның жекелеген нұсқауларына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Шығыстар сметасын орындаудың бухгалтерлік есебі осы нұсқаулыққа сәйкес бухгалтерлік есепке алудың мемориалдық-ордерлік нысаны бойынша көрсетіледі.

3. Шетелдік мекемелер шығыстарды сметаларда көзделген бюджеттік жіктеудің (бағдарлама, шағын бағдарлама, ерекшелік) кодтары бойынша жүргізеді.

4. Шетелдік мекемелердегі бухгалтерлік қызмет өзінің жұмысында Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есеп туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы заң күші бар N2732 Z952732_ Жарлығын, Қазақстан Республикасының белгіленген тәртіппен бекітілген бухгалтерлік есепке алу мен

есеп берудің (бухгалтерлік қызметтің) басқармалары (бөлімдері) туралы ережелерін және басқа да нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады.

5. Қазақстан Республикасы Сыртқыісминінің шетелдік мекемелеріндегі бухгалтерлік есепке алу мен бақылаудың негізгі міндеттері мыналар болып т а б ы л а д ы :

*мекемелердің ақшалай қаражаты мен материалдық-мүліктік құндылықтарын және олардың көздерін бірыңғай құжаттамалық негізделген есепке алуды жүзеге асыру, сондай-ақ олардың айналысына байланысты операциялардың бухгалтерлік есебін уақтылы бейнелеу;

*мекемелердің қаржы-шаруашылық қызметін, мекемелерді ұстау мен есеп-қисаптың жәй-күйі жөніндегі бекітілген сметалардың орындалу барысын, сондай-ақ мақсатты түрде жұмсауға сәйкес материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының дұрыс, ұтымды және үнемді пайдаланылуын жүйелі түрде бақылау, бұл орайда қаржылық-бюджеттік тәртіпті қатаң түрде сақтау;

*мемлекеттік меншік қаражаты ретінде материалдық-мүліктік және ақшалай құндылықтарды сақтауды қамтамасыз ету;

*бастапқы ақшалай құжаттардың және бухгалтерлік жазбалардың негізінде сенімді бухгалтерлік есеп беруді жасау, оны Қазақстан Республикасы Сыртқыісминінің орталық аппараты мен шетелдік мекемелерінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі департаментке (ОАШМҚҚД) белгіленген мерзімдерде т а б ы с е т у ;

6. Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру үшін жауапкершілік шетелдік мекеменің б а с ш ы с ы н а ж ү к т е л е д і .

Басшы бухгалтерлік есепті дұрыс жүргізу үшін қажетті жағдайлар туғызуға, есепке қатысы бар мекеменің барлық бөлімшелері мен қызметтерінің, қызметкерлерінің есепке алу үшін құжаттар мен мәліметтерді ресімдеу мен ұсыну тәртібіне қатысты бухгалтердің талаптарын мүлтіксіз орындауын қ а м т а м а с ы з е т у г е м і н д е т т і .

7. Шетелдік мекемелердегі бухгалтериялық қызметтің міндеттеріне мыналар ж а т а д ы :

*осы нұсқаулықта баяндалған ережелерге және "Орталықтың" жекелеген нұсқауларына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу;

*құжаттардың дұрыс ресімделуіне және жасалатын операциялардың заңдылығына қатысты тексеру;

*ақшалай қаражатты, материалдық құндылықтарды, активтерді, есеп айырысулар мен төлемдік міндеттемелерді түгендеуді жүргізудің белгіленген ережелері мен мерзімдерін сақтау;

*ішкі шаруашылық резервтерді, шығындардың алдын алу мен өнімсіз шығыстарды анықтау мақсатында мекемелердің қаржылық-шаруашылық

қызметіне экономикалық талдау жасауды жүзеге асыру;

*жетімсіздіктің пайда болуының, ақшалай қаражат пен материалдық құндылықтарды заңсыз шығындаудың, қаржылық және шаруашылық заңдарды бұзудың алдын алатын іс-шараларды әзірлеуге белсенді түрде қатысу, қызмет адамдарының заңсыз іс-қимылын анықтаған жағдайда бухгалтер шара көруі үшін бұл туралы мекеме басшысына баяндайды;

*жауапкершілікпен сақтау тапсырылған құндылықтарды есепке алу мен олардың сақталуы мәселелері жөнінде мекемедегі материалдық жауапты тұлғалармен нұсқамалық әңгіме өткізу;

*шетелдік мекемедегі шығыс сметалары мен кіріс жоспарларының негізделген жобаларын жасау және оларды жоғары тұрған мекемелерге белгіленген мерзімдерде табыс ету;

*ведомствоға бағынышты мекемелерді олар бекіткен сметаларға сәйкес қаражатпен қамтамасыз ету, осы мекемелердегі бухгалтерлік есеп пен есеп берудің және бухгалтерлік есеп, бақылау, есеп беру және экономикалық талдау жасау мәселелері бойынша қызметкерлермен нұсқамалық әңгіме өткізудің ұйымдастырылуын тексеру;

*ведомствоға бағынышты мекемелердің қаржылық-шаруашылық қызметіне белгіленген тәртіппен құжаттамалық тексеру мен зерттеу жүргізу және кемшіліктерді жою мен олардың жұмысын жақсарту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

*ақшалай қаражат пен материалдық құндылықтардың жетімсіздігі мен оларды талан-таражға салу жөнінде, автокөліктердің авариялары жөнінде материалдарды ресімдеу және оларды белгіленген тәртіппен тиісті орындарға беру;

*бухгалтерлік құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, оларды ресімдеу және белгіленген тәртіппен сақтау үшін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің орталық аппараты мен шет елдердегі мекемелерін қызметін қамтамасыз ету жөніндегі департаментіне жіберу;

*есепке алу-есептеу жұмыстарын компьютерлендіру;

*ұйымдармен және жекелеген тұлғалармен сметаларды орындау барысында туындайтын есеп айырысуларды уақтылы жүргізу;

*бухгалтерлік қызметтің құзыретіне жататын есепке алу мен есеп берудің мәселелері жөніндегі ережелерді, нұсқаулықтарды, әдістемелік нұсқауларды, басқа да нормативтік құжаттарды жүйелі түрде есепке алу;

8. Осы нұсқаулықтағы "бухгалтер" термині бұдан былай мынадай мағынаны білдіреді: есептеу қызметкері міндеттерін орындайтын және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мекемесінде бухгалтерлік есепке алу мен есеп беруге жауапты болып табылатын бас бухгалтер, аға бухгалтер,

бухгалтер, бухгалтер-кеңсе меңгерушісі немесе басқа да тұлға; "шетелдік мекеме" термині бухгалтерлік есеп беруді тікелей Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ОПШМҚҚД-на табыс ететін Қазақстан Республикасы елшілігін, Қазақстан Республикасының өкілдігін, Қазақстан Республикасының бас консулдығын немесе Қазақстан Республикасы Сыртқыісминінің шетелдегі кез келген мекемесін білдіреді.

Бухгалтерлік қызметке жоғары арнайы білімі бар адамдар тағайындалады. Қажетті жағдайларда Орталықтың шешімі бойынша бухгалтерлік қызметке жоғары арнайы білімі жоқ тұлға тағайындалуы мүмкін, бұл орайда оның осы мамандық бойынша жұмыс стажы кем дегенде үш жыл болуға тиіс.

Бухгалтерді тағайындау немесе жұмыстан босату кезінде шетелдік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізіледі. Істерді қабылдау-тапсыру тиісті актімен ресімделеді.

9. Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес шетелдік мекеменің бухгалтерлік есепке алу мен есеп беру мәліметтері құжаттарына рұқсаты бар органдар мен қызмет адамдары коммерциялық құпия құрайтын мағлұматтарды әйгілегені үшін жауапты болады.

10. Ақшалай қаражатты, материалдық құндылықтарды, сондай-ақ несиелік және есеп айырысу міндеттемелерін беру үшін негіз қызметін атқаратын құжаттарға бірінші қол қою құқығын пайдаланатын мекеме басшысы мекеме лимиттеріне өкім жүргізуші болып табылады. Бірінші қол қою құқығы Орталықтың рұқсатымен кеңесші уәкілге немесе кеңесшілердің біріне берілуі мүмкін, ол туралы шетелдік мекеме бойынша бұйрық шығарылады.

Мекеме бухгалтері екінші қол қою құқығымен лимиттерге өкім жүргізуші болып табылады. Оның ауырып қалуы немесе кезекті демалысқа кетуі жағдайында екінші қол қою құқығы бухгалтерияның басқа қызметкеріне берілуі мүмкін, бұл туралы шетелдік мекеме бойынша бұйрық беріледі.

11. Мекеме басшысы есеп жүйесін құруды және бухгалтерлік есепті ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Бухгалтерлік қызметі жоқ шетелдік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу мен есеп беруді Қазақстан Республикасы Сыртқыісминінің жазбаша өкімімен тағайындалатын тиісті маман жүзеге асыруы мүмкін.

12. Шетелдік мекеме бухгалтері өзінің жұмысында Бас бухгалтерлер туралы ережені басшылыққа алады, онда бухгалтерлік есеп беруге жауапты тұлғалардың құқықтары мен міндеттері белгіленген.

13. Материалдық жауапты тұлғалардың тағайындалуы, жұмыстан шығуы немесе басқа қызметке ауысуы бас бухгалтердің келісімімен жүргізіледі.

14. Бухгалтердің заңдарға және ақшалай қаражатты, материалдық және басқа да құндылықтарды қабылдаудың, сақтаудың және жұмсаудың белгіленген

тәртібіне қайшы келетін операциялар бойынша құжаттарды орындау мен ресімдеу үшін қабылдауына тыйым салынады. Бухгалтер мекеме басшысынан осындай іс-қимыл жасауға нұсқау алған жағдайда, оны орындамайды және басшының берген өкімінің заңсыздығына жазбаша түрде оның назарын аударады. Басшыдан осындай жазбаша өкімді қайта алған жағдайда бухгалтер оны орындайды. Мұндай жағдайда бүкіл жауапкершілікті мекеме басшысы көтереді, мекеме басшысы өзі қабылдаған шешім туралы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі басшылығын құлақтандыруға міндетті.

15. Шаруашылық дауларында заңдық күші бар тиісті түрде ресімделген бухгалтерлік құжаттар есепке алу жазбаларында көрсету үшін негіз болып табылады. Құжаттар операциялар жасалған кезде уақтылы толтырылуы, сенімді мәліметтері болуы және мынадай міндетті деректерден тұруы тиіс: құжаттың атауы (кіріс ордері, шығыс ордері, талап етілетін жүкқұжат, фактура-шот, жалақы төлеуге арналған ведомость, коммуналдық қызмет көрсету жөніндегі шығыстардың орнын толтыру ведомоствосы, актісі және тағы басқалар), документ жасасқан мекеменің, ұйымның, фирманың атауы және мекен-жайы (шоты, фактура-шоты және т.б.), осы құжатпен рәсімделген шаруашылық операцияларын жасауға қатысқан тараптарды көрсету, құжаттың жасалған күні, қаржылық-шаруашылық операциялардың мазмұны және оның негізі, операциялардың өлшемдері (сандық және құндық өлшемде), операциялар үшін жауапты тұлғалардың қолдары. Қаржылық-шаруашылық операцияларға байланысты құжаттарда басқа да деректер болуы мүмкін.

Материалдық құндылықтарды сатып алуды куәландыратын құжаттарда осы құндылықтарды алғаны туралы материалдық жауапты адамның қолхаты, ал жұмысты атқарғанына немесе көрсеткен қызметіне арналған құжаттарда тиісті адамдардың жұмысты немесе көрсетілген қызметті қабылдағаны туралы айғақтамасы болуға тиіс.

Құжаттардағы жазбалар сиямен, шарикті қаламмен, жазба мәшенқесімен немесе компьютермен жүргізілуі мүмкін. Шетел тілінде ақшаға қатысты жасалған барлық құжаттардың операция жүргізген адаммен емес, аудармашының қолымен куәландырылған қазақ немесе орыс тілдеріндегі қысқаша аудармасы болуға тиіс.

Құжаттың сомасындағы немесе мәтініндегі кез келген қатені түзету дұрыс емес мәтінді немесе соманы сиямен сызу және сызылғанның үстіне дұрыс мәтінді немесе соманы жазу арқылы жүргізіледі. Сызу сызылғанды оқу мүмкін болуы үшін жіңішке сызықпен жүргізіледі. Құжаттардағы қателерді кез келген түзету ескертілуі және құжатқа қол қойған тұлғалардың қолдарымен расталуы тиіс.

Кассалық және банктік құжаттарда түзетуге және тазартып өшіруге жол

б е р і л м е й д і .

Құжаттарды қандай да бір тазартып өшіруге және оларға белгіленген тәртіппен ескертілмеген түзетулер енгізуге жол берілмейді. Мұндай құжаттар жарамсыз деп саналады және есепке алуға қабылданбайды.

16. Бухгалтерияға келіп түсетін құжаттар нысаны жағынан да (барлық қажетті деректер мен қолдардың болуы) мазмұны жағынан да (операциялардың заңдылығы, арифметикалық есептердің дұрыстығы, шығындардың бекітілген сметаға сәйкестігі және тағы басқалар) мұқият тексерілуге жатады. Шығыс құжаттарын лимиттерді бөлуші бекітеді (қол қояды). Актімен ресімделетін, сондай-ақ қонақ үйде тұруына және аванстық есеп берулерге әрі қызметтік іссапарындағы есеп берулерге тіркелетін құжаттар болған жағдайда белгіленген нормалардан жоғары шығындар лимитті бөлушінің міндетті түрде бекітуіне ж а т а д ы .

Барлық ақшалай құжаттар (жалақы беруге арналған ведомстволар, аванстық есеп берулер, шоттар және басқалары) мен оған қосымшалар төлеудің нысанына қарамастан міндетті түрде мөртаңбамен белгіленуі немесе күнін көрсете отырып "алынды" немесе "төленді" деп қолдан жазылуы және есеп қызметкерінің немесе к а с с и р д і ң қ о л қ о ю ы т и і с .

17. Штатында кассирі жоқ шетелдік мекемелерде кассирдің міндеттерін шетел мекемесі басшысының жазбаша өкімі бойынша бухгалтер немесе басқа да қызметкер орындауы мүмкін. Кассирмен немесе оны алмастыратын адаммен N 321-ш/м нысанында толық жеке материалдық жауапкершілігі туралы шарт ж а с а с ы л а д ы (1 қ о с ы м ш а) .

18. Материалдық жауапты адамды алмастырған кезде оған жауапкершілікпен сақтауға берілген материалдық құндылықтарды түгендеу жүргізіледі, ол туралы қабылдау-тапсыру актісі жасалады. Мұндай актіні мекеме басшысы бекітеді.

19. Материалдық-жауапты тұлғалар екі данада жасалатын N 442-ш/м нысанындағы (2 қосымша) (кіріс және шығыс құжаттары бойынша жеке толтырылады) құжаттарды тапсырудың тізілімі кезінде материалдық құндылықтардың кірісі мен шығысы жөнінде бастапқы құжаттарды ұсынады. Материалдық жауапты адамның қатысуымен жүргізіліп, ұсынылған бастапқы құжаттарды ресімдеудің дұрыстығын тексергеннен кейін бухгалтердің қолы қойылған тізілімнің бір данасы материалдық жауапты адамға қайтарылады, екінші данасы бухгалтериялық іске тігіледі.

20. Тексерілген және есепке қабылданған құжаттар операция жасалған күндер бойынша жүйеленеді (хронологиялық тәртіппен) және мынадай тұрақты нөмірлер берілетін мемориалдық ордерлермен ресімделеді:

*N 1 мемориалдық ордер - N 381-ш/м нысанындағы кассалық операциялар бойынша жинақтық ведомость (3 қосымша);

*N 2 мемориалдық ордер - N 38I-ш/м нысанындағы бюджеттік дербес шоттағы қаражаттардың қозғалысы бойынша жинақтық ведомость (4 қосымша);

*N 3 мемориалдық ордер - N 381-ш/м нысанында бюджеттен тыс шоттардағы қаражаттардың қозғалысы бойынша жинақтық ведомость (5 қосымша);

*N 5 мемориалдық ордер - N405-ш/м нысанында жалақы жөніндегі есеп айырысу ведомстволарының жинағы (6 қосымша);

*N 6 мемориалдық ордер - N408-ш/м нысанында әртүрлі ұйымдармен есептесу жөніндегі жинақтық ведомость (7 қосымша);

*N 8 мемориалдық ордер - N386-ш/м нысанында есеп беретін тұлғалардың бекітілген аванстық есептері жөніндегі жинақтық ведомость (8 қосымша);

*N 9 мемориалдық ордер - N 438-ш/м нысанында активтердің шығуы және орын ауыстыруы бойынша жинақтық ведомость (9 қосымша);

*N 10 мемориалдық ордер - N 438-ш/м нысанында арзан қолды және тез тозатын заттарды шығу мен ауыстыру жөніндегі жинақтық ведомость (10 қ о с ы м ш а) ;

*N 11 мемориалдық ордер - N 398-ш/м нысанында тамақ өнімдерінің кірісі жөніндегі жинақтау ведомосының жиынтығы (11 қосымша);

*N 12 мемориалдық ордер - N 411-ш/м нысанында тамақ өнімдерінің шығысы жөніндегі жинақтау ведомосының жиыны (12 қосымша);

*N 13 мемориалдық ордер - N 396-ш/м нысанында материалдардың шығысы жөніндегі жинақтау ведомосты (13 қосымша);

Қалған операциялар мен "Түзетпе" операциялары бойынша жекелеген мемориалдық ордерлер жасалады (N 274-ш/м нысанында; 14 қосымша), олар әрбір ай үшін 14-тен бастап жеке нөмірленеді.

21. Мемориалдық ордерлерге бухгалтер және орындаушы қолдарын қояды.

22. Мемориалдық ордердегі шоттардың корреспонденциясы бір шоттың дебеті және келесі шоттың кредиті немесе бір шоттың дебеті мен бірнеше шоттардың кредиті бойынша немесе керісінше бір шоттың кредиті және бірнеше шоттардың дебеті бойынша операциялардың сипатына байланысты жазылады.

23. Мемориалдық ордерлер бастапқы құжаттардың негізінде жасалады және N 308-ш/м нысанындағы "Бас- журнал" кітабында тіркеледі (15 қосымша);

24. Еркін өтімді валютада, долларында және шетелдік мекеме орналасқан ұлттық ақша бірлігінде жүргізілген қаржылық-шаруашылық операциялардың мемориалдық ордерлерін жеке жүргізу қажет.

25. "Бас- журнал" кітабы өткен жылғы қорытынды балансқа сәйкес жылдың басында қалған сомаларды жазумен ашылады. Кітаптағы жазбалар мемориалдық ордерлердің жасалуына қарай келесі күннен кешіктірілместен жүргізіледі. Мемориалдық ордердің сомасы ең әуелі "Мемориалдық ордер бойынша айналыс " бағанына жазылады, содан кейін тиісті қосалқы шоттардың дебеті мен

кредитіне жазылады. Дебет бойынша да, сондай-ақ кредит бойынша да барлық қосалқы шоттардың бір ай ішіндегі айналысының сомасы "Мемориалдық ордер бойынша айналыс" бағанының нәтижесіне тең болуға тиіс. Айналыстарды есептеу әрбір парақ бойынша жеке-жеке айдың басынан бастап ұлғаймалы қорытынды бойынша жүргізіледі. Бір айлық айналыстардан кейінгі екінші жолға жергілікті валютада АҚШ долларына көшірілген айналыстар жазылады. Сосын бір айлық айналыстардан кейін әрбір шот бойынша келесі айдың басындағы қалдық шығарылады. Бұл орайда N 160, 178-ші қосалқы шоттар бойынша қалдық ашық түрде яғни дебет және кредит бойынша беріледі.

26. Талдау есебі ұлттық немесе еркін өтімді валютада карточкаларда немесе кітаптарда жүргізілуі тиіс. Бухгалтерлік есепке алу көрсеткішіндегі жазбалар бастапқы құжаттардан, оларды алғаннан кейінгі келесі күннен кешіктірілместен жүргізіледі. Әрбір ай аяқталғаннан кейін талдау есебі көрсеткішінде айналыстардың қорытындылары есептеледі және қосалқы шоттар бойынша қ а л д ы қ т а р ш ы ғ а р ы л а д ы .

27. Әрбір бухгалтерлік кітапқа оған жазба түскенге дейін барлық беттері (парақтары) нөмірленеді. Соңғы бетте бухгалтердің қол қоюымен мынадай жазба жасалады: "Осы кітапта барлығы беттер (парақтар) нөмірленген".

КО-4-ш/м нысанындағы кассалық кітапқа (16 қосымша) оның үстіне бау өткізіледі және сүргіштік мөрімен мөрленеді, ал оның беттерінің саны шетел мекемесі басшысының және бухгалтердің қойылған қолдарымен куәландырылады. Әрбір бухгалтерлік кітапта шетелдік мекеменің атауы мен кітаптың ашылған күні жазылады. Кітапта онда ашылған қосалқы шоттардың тақырыбы болуға тиіс. Жазбаларды кітаптың басқа бетіне көшірген жағдайда осы қосалқы шот бойынша тақырыпта жаңа беттердің нөмірлері көрсетіле отырып жазбаның көшірілгендігі туралы белгі жасалады. Бухгалтерлік есепке алу кітабында жыл аяқталғанда бос беттер болған жағдайда олар келесі жыл операцияларын жазу үшін пайдаланылуы мүмкін.

28. Бухгалтерлік есепке алу кітабында ағымдағы жылғы табылған қателерді түзету мынадай тәртіппен жүргізіледі:

*Мемориалдық ордердің мәліметтерін өзгертуді талап етпейтін бухгалтерлік балансты ұсыну сәтіне дейін осы есеп беру кезеңі ішінде табылған қате дұрыс емес сомалар мен мәтінді жіңішке сызықпен сызу арқылы, сызылғанды оқу мүмкін болатындай тәсілмен түзетіледі және сызылғанның үстіне дұрыс мәтін мен сома жазылады. Бір мезгілде осы жерде тиісті жолдың тұсына бас бухгалтердің қол қоюымен "Түзетілді" деген ескерту жасалады.

*Мемориалдық ордердегі қатеден туындаған, бухгалтерлік балансты ұсыну сәтіне дейін табылған қате жазба оның сипатына байланысты қосымша мемориалдық ордермен немесе "Қызыл түзетпе" тәсілімен түзетіледі; баланс

ұсынылған есеп беру кезеңі ішінде бухгалтерлік есепке алу жазбаларында табылған барлық қателер де тап осындай жолмен түзетіледі. Қателерді түзету жөніндегі қосымша бухгалтерлік жазбалар, сондай-ақ "Қызыл түзетпе" тәсілі пайдаланылған түзетулер мемориалдық ордерлермен ресімделеді, онда әдеттегі деректерден басқа, осы мемориалдық ордермен түзетілген мемориалдық ордердің нөмірі мен күніне сілтеме жасалады.

29. Синтездік және талдау есебінің шоттары бойынша бухгалтерлік жазбалардың дұрыстығын бақылау үшін тиісті синтездік шотпен біріктірілетін әрбір талдау шоттарының тобы бойынша айналыс ведомстволары жасалады. Айналыстың нәтижелері және айналыс ведомстволарының әрбір талдау шоты бойынша қалдықтар ай сайын айналыстардың нәтижелерімен және осы шоттардың "Бас- журнал" кітабындағы қалдықтарымен салыстырылады.

30. Жаңа есеп беретін жылда синтездік және талдау шоттары бойынша бухгалтерлік тіркелімдерде қорытынды баланспен және өткен жылғы есепке алу тіркелімдермен толық сәйкестіктікте жыл басындағы қалдықтар сомасы ж а з ы л а д ы .

Жылдық есеп беруді қабылдауды қаржы органы бекіткен кезде жоғары тұрған ұйым қорытынды балансқа түзету жасайтын болса, онда тиісті жазбаша өкім негізінде бұл түзетулер өткен қаржы жылының тіркелімдеріне де (бухгалтерлік жазбаларды түзету жолымен) сондай-ақ ағымдағы жылғы тіркелімдерге де (енетін қалдықтарды өзгерту жолымен) енгізіледі.

31. Әрбір есеп беру айы біткеннен кейін барлық мемориалдық ордерлер оларға тиесілі құжаттармен бірге нөмірлерінің кезектілігі тәртібімен іріктелуі және шағын кітапшаларға біріктірілуі тиіс.

Құжаттардың саны аз болған жағдайда кітапшаны үш ай ішінде бір папкіге жинақтауға болады. Мұндай папкінің мұқабасына мыналар жазылады:

шетелдік мекеменің атауы, папкінің (істің) аты, есеп беретін жыл-кезең және айы; мемориалдық ордерлердің бастапқы және соңғы нөмірлері; істегі п а р а қ т а р д ы ң с а н ы .

32. Шетелдік мекемелерде бухгалтерлік құжаттар бухгалтердің немесе ол тағайындаған адамның жауапкершілігімен арнайы жайларда, сейфтерде с а қ т а л а д ы .

Түгендеу материалдары, айналыс ведомстволары, барлық қосымшалары бар бухгалтерлік есеп берулер, өткен жылдар ішіндегі бухгалтерлік тіркелімдер тап о с ы н д а й ж о л м е н с а қ т а л а д ы .

33. Ревизиялық тексеруден өткеннен кейін бастапқы құжаттар, есепке алу тіркелімдері, бухгалтерлік есеп берулер мен баланстар Қазақстан Республикасы Сыртқыісминінің мұрағатына жіберіледі.

Істердің Қазақстан Республикасы Сыртқыісминінің мұрағатына

тапсырылғандығын куәландыратын тізімдеме шетелдік мекеме бухгалтериясында тұрақты түрде сақталады.

34. Мемлекеттік мекемелерден бастапқы құжаттарды, есепке алу тіркелімдерін, бухгалтерлік есеп берулер мен баланстарды алып қою Қазақстан Республикасының салықтық және қылмыстық-процессуалдық заңдарына сәйкес анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура, сот органдарымен және салық қызметі органдарымен осы органдардың қаулыларының негізінде жүргізілуі мүмкін.

Алып қоюды жүргізуші органдар өкілдерінің рұқсатымен және қатысуымен мемлекеттік мекеменің тиісті қызмет тұлғасы алып қоятын құжаттарды алудың негізгі күндерін көрсете отырып, көшірмелерін ала алады.

Егер толықтай ресімделмеген құжаттардың томдары алынып қойылатын болса (тігілмеген, нөмірленбеген және тағы басқа да), онда алып қоюды жүргізетін органдар өкілдерінің рұқсатымен және қатысуымен мемлекеттік мекеменің тиісті қызмет адамдары бұл томдарды толық ресімдеуі мүмкін (тізімдеме жасау, парақтарды нөмірлеу, бау өткізу, сүргі соғу, өзінің қолымен, м ө р і м е н к у ә л а н д ы р у) .

35. Бухгалтерлік тіркелімдердің және тағы басқаларының белгілі бір себептермен жоғалуын немесе жойылып кетуін шетелдік мекеме басшысы міндетті түрде тиісті актімен ресімдейді және бұл туралы Қазақстан Республикасы Сыртқыісминінің ВҚБ-не жазбаша хабарлайды.

36. Бухгалтерлік есеп жүргізуді және есеп беруді жасау үшін шетелдік мекемелерді нұсқаулықтармен, тіркелімдермен және бланкілермен қамтамасыз етуді олардың тапсырыстары бойынша Қазақстан Республикасы Сыртқыісминінің ОАШМҚҚД-ы жүзеге асырады.

Шетелдік мекемелер үшін шығыстар сметаларын орындауды бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспары

37. Қазақстан Республикасы Сыртқыісминінің шетелдік мекемелеріндегі шығыстар сметасын орындауды ағымдағы бухгалтерлік есепке алу операциялары үшін мынадай шоттар жоспары қолданылады.

Шоттың атаулары	Шоттың нөмірлері	Шоттың атаулары	Қосалқы шоттың нөмірлері	Қосалқы шоттың нөмірлері
-----------------	------------------	-----------------	--------------------------	--------------------------

1 Бөлім. Активтер

Активтер	01	Ғимараттар	010
		Құрылыстар	011
		Табыстама құрылғысы	012
		Машиналар мен құрал-жабдықтар	013
		Материалдық емес активтер	014
		Көлік құралдары	015
		Құралдар, өндірістік (керек-жарақтарды қоса алғанда) және шаруашылық мүкәммәлі	016
		Кітапханалық қор	018
		Өзге активтер	019

2 Бөлім. Материалдық босалқы қорлар

Құрал-жабдықтар, құрылыс материалдары және ғылыми зерттеулер үшін материалдар	04	Қондырғы құрал-жабдықтары	040
		Күрделі құрылыс салу үшін құрылыс материалдары	041
Материалдар және тамақ өнімдері	06	Тамақ өнімдері	061
		Дәрі-дәрмектер мен дәкі құралдары	062
		Шаруашылық материалдары және кеңселік керек-жарақтар	063
		Отын, жанар-жағар май материалдары	064
		Жолдағы материалдар	068
		Машиналар мен құрал-жабдықтарға қосалқы бөлшектер	069

3 Бөлім. Арзан қолды және тез тозатын заттар

Арзан қолды және	07	Қоймадағы арзан қолды	070
------------------	----	-----------------------	-----

тез тозатын заттар және тез тозатын заттар

Пайдалануда тұрған 071

арзан қолды және тез

тозатын заттар

Қоймадағы ақ жаймалар, 072

төсек-орын қажеттіліктері,

киім және аяқ-киім

Пайдалануда тұрған

ақ жаймалар, төсек-орын

қажеттіліктері,

киім және аяқ-киім 073

4 Бөлім. Ақшалай қаражат

Бюджет бойынша 09 Жолдағы ашық лимиттер 091

ашық лимиттер

Мақсатсыз пайдаланылған

қаражаттардың қайтарылып

алынған (өндіріп алынған)

лимиттері 095

Арнай және 11 Сыртқы қарыздар бойынша 113

валюталық шоттар арнайы шот

Есеп айырысу шоты 115

Касса 12 Касса 120

5 Бөлім. Қаржыландыру бойынша ішкі ведомстволық есеп айырысулар

Қаржыландыру 14 Ұйымның және басқа да 140

бойынша ішкі іс-шаралардың шығыстарын

ведомстволық есеп бюджеттен қаржыландыру

айырысулар бойынша есеп айырысулар

6 Бөлім. Есеп айырысулар

Орындалған жұмыстар 15 Жеткізілім иелерімен 150

және көрсетілген және мердігерлермен

қызметтер үшін жеткізілім есеп айырысулар

иелерімен, мердігерлермен

және тапсырыс берушілермен

есеп айырысулар

Міндеттемелер 151
бойынша сыртқы қарыздар
есебінен есеп айырысулар

Есеп беретін тұлғалармен Есеп беретін тұлғалармен
есеп айырысулар 16 есеп айырысулар 160
Түрлі дебиторлармен 17 Жетіспеушіліктер 170
және кредиторлармен бойынша есеп айырысулар
есеп айырысулар

Бюджет төлемдері бойынша 173
есеп айырысулар

Тапсырмалар бойынша 176
шығыстарға арналып
алынған қаражаттар
бойынша есеп айырысулар

Депоненттермен есеп 177
айырысулар

Өзге де дебиторлармен 178
және кредиторлармен есеп
айырысулар

Жұмысшылармен, 18 Жұмысшылармен және 180
қызметкерлермен және
стипендиаттармен есеп қызметкерлермен есеп
айырысулар айырысулар

7 Бөлім. Шығыстар

Бюджет бойынша 20 Бюджет бойынша ұйымды 200
шығыстар ұстауға және

басқа іс-шараларға
арналған шығыстар

Бюджет бойынша 203
күрделі қаржы салуға

арналған шығыстар

Сыртқы қарыздар 204
есебінен қаржыланды.

рылатын жобалар бойынша

шығыстар			
Өзге шығыстар	21	Өзге қорлар есебіндегі	215
шығыстар			

7.1 Бөлім. Қаржыландыру

Қаржыландыру	23	Жобаларды сыртқы	239
		қарыздар қаражатынан	
		қаржыландыру	

8 Бөлім. Қорлар

Мақсатты түрде	24	Банк несиелері	248
пайдаланылатын			
қорлар мен қаражаттар			

Активтер сипатындағы	25	Активтер сипатындағы	250
қор	қор		

Арзан қолды және тез	26	Арзан қолды және тез	260
тозатын заттар сипа.		тозатын заттар сипа.	
тындағы қоры		тындағы қоры	

Қаржылық қаражат	27	Өзге қорлар	272
активтер			

Баланстан тыс шоттар

Жалға алынған активтер 01

Жауапкершілікпен 02

сақтауға қабылданған
тауарлық-материалдық
құндылықтар

Сыйлық қорының 03
бұйымдары

Шетелдік ұйымдар мен 03а
тұлғалардан алынған
құнды заттар

Нақты есеп берудің 04
бланкілері

Төлемге қабілеті жоқ 05
дебиторлардың есептен
шығарылған берешегі

Өкілдік азық-түліктер 13а
Шаруашылық материалдары 13б
және дәрі-дәрмектер
Қосалқы бөлшектер 13в
Кеңсе керек-жарақтары 13г

Қазақстан 14
Республикасынан
тиелген және жолдағы
материалдық-мүліктік
құндылықтар

Бюджет бойынша шығыстар сметасын орындау жөніндегі операциялардың есебі

1 бөлім. Активтер

38. Бұл бөлімде мемлекеттік мекемеге тиесілі барлық активтердің, оның ішінде жалға берілген активтердің қолда бары мен өзгеруі ескеріледі.

Активтердің бухгалтерлік есебін активтердің келіп түсуін, олардың шетелдік мекеме ішіндегі ауыстырылуын, тозғандығы үшін істен шығуын немесе жойылуын, сондай-ақ әрбір объектінің (заттың, жинақтаманың) сақталуы мен дұрыс пайдаланылуына бақылауды дұрыс құжаттамалық ресімдеуді және олардың есепке алу нысандарында уақтылы көрініс табуын қамтамасыз етуге т и і с .

Активтерге: ғимараттар, құрылыстар, табыстама құрылғылары, машиналар мен құрал-жабдықтар, көлік құралдары, құрал, өндірістік және шаруашылық мүкәммәлі (тұрмыс техникасы), жиһаз, кілемдік бұйымдар, кітапхана қоры, өзге

активтер

жатады.

Мыналар активтерге жатпайды және бағасы арзан әрі тез тозатын заттар құрамында есептеледі:

а) олардың құнына қарамастан 1 жылдан аз қызмет атқаратын бұйымдар;

б) кітапхана қорларын, мұражай құндылықтарын (белгіленген тәртіппен есептелетін экспонаттарды қоспағанда), үлгілік жобалау жөніндегі құжаттаманы және басқа да еңбек құралдарын есептегенде, (соңғылары өздерінің құнына қарамастан пайдалану мерзімі, заттық-мүліктік құрамы бойынша пайдалану мен орындау функциясына байланысты активтерге жатады)

олардың қызмет мерзіміне қарамастан бір бірлік үшін сатып алу бағасы бойынша 40 еселенген есептік көрсеткішке дейінгі құны бар еңбек заттары;

в) құнына және қызмет ету мерзіміне қарамастан арнайы киім мен аяқ киім, төсек керек-жарақтары.

39. Активтерді есепке алу үшін "Активтер" деп аталатын N 010 шот тағайындалады, ол өз кезегінде төмендегідей қосалқы шоттарға бөлінеді:

N 010 "Ғимараттар";

N 011 "Құрылыстар";

N 012 "Табыстама құрылғысы";

N 013 "Машиналар мен құрал жабдықтар";

N 014 "Материалдық емес активтер";

N 015 "Көлік құралдары";

N 016 "Құралдар, өндірістік (керек-жарақтарды қоса алғанда) және шаруашылық мүккәммәлі";

N 018 "Кітапхана қоры";

N 019 "Өзге активтер".

40. N 010 қосалқы шотта жекелеген топтарға бөліне отырып мыналар ескеріледі:

аппараттар, көшірмелі киіз үйлер, көркем картиналар, люстралар және басқалары) ескеріледі.

(41-46-тармақтардың қазақша ресми аудармасы жоқ, орысша мәтінді ұсынып отырмыз)

41. На субсчете N 011 "Сооружения" учитываются: водокачки, стадионы, бассейны, дороги, мосты, ограждения, памятники и др.

42. На субсчете N 012 "Передаточные устройства" учитываются: линии электропередач, трансмиссии и трубопроводы со всеми промежуточными устройствами, необходимыми для трансформации (преобразования) и передачи

энергии и для перемещения по трубопроводам жидких и газообразных веществ
д о п о т р е б и т е л я .

Примечание: здания электростанций, насосных и других станций
учитываются на субсчете N 010, а находящееся в них оборудование на субсчете
N 0 1 3 .

43. На субсчете N 013 "Машины и оборудования" учитываются: генераторы (электростанции), медицинское оборудование, компьютерное оборудование (персональные компьютеры, калькуляторы, лазерные, матричные, цветные принтеры, сканеры и др.), офисные оборудования (копировальные машины, факс-машины, машины для уничтожения документов и пр.), киноаппаратура, музыкальные инструменты, телевизоры, радиоаппаратура, оборудование АТС (телефонные станции), швейные и стиральные машины, холодильники, пылесосы и т . п .

44. На субсчете N 014 учитываются нематериальные активы - это объекты, которые не имеют материально-вещественной основы, но позволяющие получать доход в течение продолжительного времени. К этому виду активов относятся: приобретенные за плату права пользования землей, водой, полезными ископаемыми и другими природными ресурсами, зданиями, сооружениями, оборудованием; лицензии, права на товарные знаки и торговые марки, а также и н ы е и м у щ е с т в е н н ы е п р а в а .

45. На субсчете N 015 "Транспортные средства" учитываются все виды средств передвижения: автомобили грузовые и легковые, автобусы, тракторы, лодки, катера, мотоциклы, мотороллеры, велосипеды, тележки и др., приобретенные за счет средств заграничных учреждений, полученные из Центра, а также переданные заграничному учреждению безвозмездно.

46. На субсчете N 016 "Инструменты, производственный (включая принадлежности) и хозяйственный инвентарь" учитываются: мебель для служебных и представительских помещений и для жилых квартир, инструменты приспособления, предметы противопожарного назначения, столовый, кухонный и другой хозяйственный инвентарь (вешалки, ковры, пишущие машинки и другие ручные множительные и нумеровальные аппараты, переносные юрты, художественные картины, люстры и др.).

47. "Кітапханалық қор" атты N 018 қосалқы шотта кітаптардың жекелеген даналарының құнына қарамастан кітапхана қорлары ескеріледі. Кітапхана қоры ғылыми, көркем және оқу әдебиеттерін, әдебиеттің арнаулы түрлерін және басқа да б а с ы л ы м д а р д ы қ а м т и д ы .

48. "Өзге активтер" атты N 019 қосалқы шотта негізгі топтарға бөле отырып, төмендегілер е с к е р і л е д і :

1) Көп жылдық екпелер. Көп жылдық екпелерге олардың жас шамасына

қарамастан көп жылдық екпелер: жеміс-жидек екпелерінің барлық түрлері (ағаштар, бұталар), шетелдік мекеме аумағындағы, тұрғын үйлердің аулаларындағы сәндік жасыл екпелер, тірі екпелерден тұратын қоршаулар және тағы басқалары жатады;

2) Қазақстан Республикасының меншігіне сатып алынған жер учаскесі;

3) мұражайлық құндылықтар (олардың құнына қарамастан);

4) техникалық тасымалдаушыларға арналған бағдарламалар, оқу кинофильмдері, магниттік дискілер мен таспалар, кассеттер және басқалары;

5) балалар ойындары, арнайы шаңғылар және басқалары.

49. Қымбат бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған приборлары, құралдары және басқа да бұйымдары бар шетелдік мекемелер оларды заң тәртібі белгілейтіндей қосымша ескеруі тиіс.

50. Жалға берілген активтер есептен алынбайды, олар тиісті шоттарда есепте тұрады.

51. Барлық активтер шетелдік мекеме басшысының бұйрығымен тағайындалған материалдық жауапты тұлғалардың жауапкершілікпен сақтауында болуға тиіс. Активтердің сақталуына жауапты тұлғалар активтердің түгендеу тізімдемелерін (түгендеу тізімдерін) ұстауға, мүліктердің сақталуын қадағалауға және олардың құрамындағы барлық өзгерістерді ескеруге тиіс.

Активтердің сақталуына жауапты тұлғалар НОС-13-ш/м нысанындағы түгендеу кітаптарында активтердің талдау есебін жүргізеді (17 қосымша)

52. Материалдық жауапты адамды алмастырған кезде түгендеу және активтер мен материалдық құндылықтарды жаңадан тағайындалған материалдық жауапты тұлғаға өткізу жүргізіледі, ол туралы түгендеу тізімдемесінің қорытынды жазбасы жасалады (немесе қабылдау-өткізу актісі жасалады)

53. Активтерді сатып алу Қазақстан Республикасы Сыртқы істерінің келісімі бойынша жүргізіледі.

Шетелдік мекемелерде активтердің тозуына ақша есептелмейді.

54. Активтер бастапқы құны бойынша яғни оларды сатып алудың, жасаудың және құрылысын салудың іс жүзіндегі шығыны бойынша бухгалтерлік есепте бейнеленеді. Бухгалтерлік есептерде ескерілген активтердің бастапқы құны объектілердің бастапқы құнын ұлғайтатын қосымша құрылыс салу, қосымша жабдықтау немесе қайта құру жұмыстары жүргізілген кезде ғана өзгертілуі мүмкін.

Аяқталған құрылыстар мен ғимараттар, сондай-ақ жаңадан сатып алынған құралдар оларға жұмсалған барлық іс жүзіндегі шығындардың толық сомасында активтер құрамына енгізіледі.

Күрделі жөндеу жүргізу жөніндегі шығындар активтер құнын ұлғайтуға жатпайды.

55. Кітапхана қорына енгізілген кітаптар, оқулықтар және басқа да басылымдар бастапқы мұқабалау құнын қоса алғанда атаулы бағасы бойынша ескеріледі. Кітаптарды жөндеу мен жаңғыртуға, оның ішінде екінші рет мұқабалауға арналған шығындар кітаптың құнын ұлғайтуға ықпал етпейді және шетелдік мекеменің сметасы бойынша шығыстарға жазылады.

56. Активтер түскен немесе сатып алынған кездегі бухгалтерлік есепке алу шетелдік мекеме орналасқан елдің ресми бағамы бойынша АҚШ долларымен бағаланады. Тоқсан сайын бухгалтерлік есеп берумен бірге Қазақстан Республикасы Сыртқыісминінің ОАШМҚҚД-на сатып алынған мүліктер тізімдемесі табыс етіледі.

57. Мүліктік құндылықтар келіп түскенде ілеспе құжаттарға (шоттарда, қабылдау, өткізу актілерінде және басқаларында) түгендеу нөмірі қойылады және күні сондай-ақ мүкәммәл мен құрал-жабдыққа жауапты адамның қолы көрсетіліп мынадай жазу жазылады: "Осы құжатта көрсетілген құндылықтар жауапкершілікпен сақтауға қабылданды". Қажет болған жағдайларда қабылдау жүкқұжаты жазылып беріледі (N 429-ш/м, 18 қосымша) немесе активтерді қабылдау мен өткізудің актісі жасалады.

Қазақстан Республикасынан келіп түскен мүліктік құндылықтарға ілеспе фактураларымен бірге келетін қабылдау актілерін толтыру қажет. Актілерге кемінде үш адамнан тұратын, оның ішінде шетелдік мекеменің бухгалтері де бар комиссия қол қояды. Материалдық жауапты тұлға осы құндылықтарды жауапкершілікпен сақтауына алғандығы туралы қол қояды. Келіп түскен құндылықтардың саны мен сапасындағы айырмашылықтарды айқындаған жағдайда комиссия мүмкіндігінше себептерін көрсете отырып әлгі айырмашылықтарды актіде егжей-тегжейлі баяндайды. Кеденнен немесе көлік компаниясынан жүк алған кезде ораманың немесе ыдыстың жәй-күйін тексеру қажет. Егер олар бастапқы қалпын сақтамаған болса кейін талап қою үшін осы ұйымдардан тиісті құжат талап ету қажет.

58. Активтер құрамында және бағасы арзан әрі сапалық тұрғыдан ескіріп, тез тозатын бұйымдар құрамында саналатын тозған және пайдалануға жарамсыз бұйымдар, көлік құралдары, мүкәммәл мен құрал (бұл мүліктерді қалпына келтіру мүмкін болмайтын және экономикалық тұрғыдан тиімсіз саналатын жағдайларда) жаңа объектілердің құрылысын салуға, сондай-ақ мүлде тозуына байланысты бұзылатын ғимараттар мен құрылыстар шетелдік мекеме балансынан есептен шығарылуы мүмкін. Сондай-ақ табиғи апаттар мен авариялардың салдарынан жойылып кеткен активтерді де есептен шығаруға жол беріледі.

Өзінің маңызын жоғалтқан, бірақ пайдалануға жарамды заттар барынша қол жеткізілуі мүмкін баға бойынша белгіленген тәртіппен сатылуы немесе

Қазақстан Республикасы Сыртқыісмині жүйесінің мекемелері мен ұйымдарына берілуі тиіс. Мүліктерді басқа ведомстволардың мекемелері мен ұйымдарына қайтарымсыз беруге Қазақстан Республикасы Сыртқыісмині басшылығының рұқсатымен ғана жол беріледі.

Активтерді одан әрі пайдаланудың жарамсыздығын, жөндеудің мүмкін еместігін немесе тиімсіздігін анықтау үшін, сондай-ақ оларды есептен шығарудың қажетті құжаттамасын ресімдеу үшін шетелдік мекеме басшысының бұйрығымен тұрақты жұмыс істейтін комиссиялар құрылады. Мыналар міндетті түрде комиссия құрамына кіреді:

шетелдік мекеме басшысының орынбасары;
бухгалтер немесе бухгалтерлік есеп жүргізу жүктелген тұлға;
дипломатиялық қызметкер;
шаруашылық меңгерушісі, материалдық жауапты тұлға немесе активтердің сақталуына жауапкершілік жүктелген тұлғалар.

Тұрақты жұмыс істейтін комиссиялар есептен шығаруға жататын объектіні тікелей тексеруді жүргізеді және оны есептен шығарудың себептерін анықтайды (тозуы, пайдаланудың қалыпты шарттарын бұзудың немесе аварияның және өзге де себептердің салдарынан істен шығуын), ал қажетті жағдайларда оған кінәлі адамдарды анықтайды; есептен шығарылатын объектінің жекелеген тораптарын, бұйымдарын, материалдарын одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтайды және жергілікті рыноктағы бағаларға сүйеніп оларды бағалауды жүргізеді, сөйтіп, объектіні есептен шығару актісін жасайды. Есептен шығару актілерін, оның ішінде бағынышты мекемелердің осындай құжаттарын шетелдік мекеме басшысы бекітеді.

Есептен шығару объектілерін тексеру және оларды есептен шығару актілерін жасаған кезде комиссия қажетті техникалық құжаттаманы (техникалық паспорттар, кезеңдік жоспарлар), бухгалтерлік есептің мәліметтерін және басқа да материалдарды пайдаланады.

59. Істен шығатын активтер Қазақстан Республикасы Сыртқыісминінің рұқсатымен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен жекешелендіру комитетінің келісімі бойынша бастапқы баланстық құнымен есептен шығарылады. Баланстан есептен шығару актілер бойынша жүргізіледі (N 443-ш/м және НОС-Збюдж.-ш/м нысанында, сондай-ақ ОС-4-ш/м нысанында, 19,20,21 қосымшалар), ондай актілерде мыналар міндетті түрде көрсетіледі: есептен шығарылатын бұйымның (объектінің) егжей-тегжейлі сипаттамасы, сатып алынған немесе пайдалануға берілген күні, істен шығуының себептері, негізгі бөліктерінің, бөлшектері мен тораптарының жәй-күйі баяндалады және оларды қалыпқа келтірудің тиімсіздігі мен мүмкін еместігі негізделеді, объектілердің түгендеме нөмірлері, олардың шетелдік валютадағы,

құны, сондай-ақ оларды одан әрі пайдалану жөніндегі ұсыныстар (сату, қосалқы бөлшектерге пайдалану жою және тағы басқалары) көрсетіледі.

Авариялардың салдарынан мәшинелердің, құрал-жабдықтардың және көлік құралдарының құнын есептен шығару үшін есептен шығару актісіне авария туралы актінің көшірмесі тіркеледі, сондай-ақ авария туғызған себептер түсіндіріліп, кінәлі адамдарға қатысты қолданылған шаралар көрсетіледі.

Есептен шығару актілері бекітілгенге дейін құрал-жабдықтарды бөлшектеуге, сондай-ақ шаруашылық мүкәммәлі мен басқа да мүліктерді жоюға жол берілмейді.

Бөлшектенген құрал-жабдықтардың басқа мәшинелерді жөндеу үшін жарамды барлық бөлшектері, тораптары мен агрегаттары, сондай-ақ шаруашылық мүкәммәлі мен басқа да мүліктердің істен шығуынан алынған өзге де материалдар "Шаруашылық материалдары мен кеңсе керек-жарақтары" атты N 063 - қосалқы шотқа тіркеледі.

Жарамсыз бөлшектерді, материалдарды немесе тұтас бұйымдарды пайдалану немесе сату мүмкін болмаған жағдайда олар комиссияның қатысуымен жойылуы мүмкін.

60. Активтерді сатудан түскен сомалар, егер, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен осы сомаларды пайдаланудың өзгедей тәртібі белгіленбесе, аталған сомаларды шетелдік мекеме бюджет кірісіне аударады.

Активтердің жекелеген объектілерін бөлшектеуден түскен және мекеменің шаруашылық мұқтажы үшін қалдырылған материалдардың құны бюджеттік қаржыландыру қаражатын ұлғайтуға жатады деп есептеледі.

Активтердің балансынан есептен шығарудың қолданылып жүрген тәртібін бұзған, сондай-ақ материалдық құндылықтарға жауапсыз қараған жағдайларда (жою, өртеу және тағы басқалары) осыған кінәлі адамдар заң белгілеген тәртіппен жауапқа тартылады.

Асханалық сондай-ақ шайлық сервиздерді және жиһаздық гарнитурларды есептен шығарған кезде олардың пайдалануға жарамды жекелеген бұйымдарын активтер құрамында немесе бағасы арзан және тез тозатын бұйымдар құрамында бағалап, есепке алу қажет.

61. Активтерді есептен шығару Қазақстан Республикасы Сыртқыісминінің рұқсатымен ғана және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің келісімі бойынша жүргізіледі.

Шетелдік мекеме есептен шығару актісінің алғашқы данасын бухгалтерлік есеппен бірге Қазақстан Республикасының Сыртқыісминіне жібереді. Есептен шығару бейнеленген айдағы бухгалтерлік есепті жоғары тұрған ұйым бекіткеннен кейін мүлік шетелдік мекеме балансынан есептен шығарылды деп

с а н а л а д ы .

Барлық есептен шығарылған мүлік пайдаланудан кідіріссіз алынады.

Әлі де пайдалануда ұзақ уақыт болатын мүлікті күні бұрын есептен шығаруға , сондай-ақ есептен шығарылған мүлікті ұзақ уақыт сақтауға немесе пайдалануға жол берілмейді, мұның өзі материалдық-мүліктік құндылықтарды есепке алуда шатасуға әкелуі мүмкін. Мүлікті пайдаланудың іс жүзіндегі істен шығуына қарай оны тұрақты түрде есептен шығару қажет, мұндай мүліктерді жинақтауға және оларды бірнеше жыл үшін бірден есептен шығаруға жол берілмейді.

62. Активтерді есепке алу түгенделетін объектілердің тұрғысында олардың сақталу орындары мен материалдық жауапты тұлғалар бойынша ұйымдастырылады. Белгілі бір функцияларды орындауға арналған, барлық қосымша құрылыстарымен және керек-жарақтарымен бірге аяқталған қондырғы, бұйым немесе кешен түгенделетін объект ретінде түсіндіріледі.

Мәселен ғимараттар бойынша әрбір жеке тұрған ғимарат немесе құрылыс түгенделетін объекті деп саналады. Ғимарат құрамына мыналар жатады: жылытуға арналған қазандық қондырғысын қоса алғанда (егер ол ғимарат ішінде болса) ғимарат ішіндегі бүкіл жылыту жүйесі; жарық түсіретін бүкіл арматурамен бірге жарық түсіретін электр желілерінің бүкіл ішкі жүйесі; ішкі телефондық және дабыл беру жүйелері, сондай-ақ желдеткіш қондырғылар, көтергіштер (лифтілер), құрылыстар бойынша-барлық қондырғыларымен бірге әрбір жеке тұрған құрылыс.

63. Активтерді есепке алуды ұйымдастыру мен сақталуын бақылауды қамтамасыз ету үшін әрбір объектіге (бұйымға), кітапхана қорларын есептемегенде, сегіз белгіден тұратын түгендеу нөмірі беріледі. Алғашқы үш белгі ішкі шотты, төртіншісі - жататын тобын және соңғы төрт белгі бұйымның топтағы реттік нөмірін білдіреді. Топтарға бөлінбеген ішкі шоттар бойынша төртінші белгі нөлмен белгіленеді. Мәселен 01010001 нөмірі - "Ғимараттар" атты 1-топтағы 010-қосалқы шотты - өндірістік мақсаттағы ғимаратты білдіреді, объектінің реттік нөмірі - 0001;

01630005 - түгендеу нөмірі - 3-топтағы 016-қосалқы шотты шаруашылық мүкәммәлін білдіреді, бұйымның реттік нөмірі - 0005.

Түгендеу нөмірі бұйымның сыртқы түрін бұзбайтындай тәсілмен және көзге түспейтін тұсына жуылмайтын бояумен жазылады. Түгендеу нөмірі сондай-ақ объектіге бекітілетін металл жетондарда немесе қатырма қағаздан жасалған биркаларда жазылуы мүмкін.

Түгендеу нөмірлері активтің әрбір субъектісі бойынша ашылатын тиісті түгендеу кітаптарында хронологиялық тәртіппен тіркеледі. Активтерді есептен шығарған кезде түгендеу кітабында есептен шығаруды бекіткен актінің күніне сілтеме жасалып, істен шыққан мүлік туралы (әрбір бұйым тұсына) белгі

жасалады. Бұл орайда ай аяғында түгендеу кітабында баланстан есептен шығарылған сома туралы жеке жолмен белгі ("199 жылғы " _____ " _____ актіге сәйкес есептен шығарылды") жасалады. Мүліктік құндылықтардың АҚШ долларында шығарылған қалдығы әрбір айдың 1-жұлдызында осы күнгі бухгалтерлік есептің мәліметтеріне сәйкес келуі тиіс.

Активтер объектісіне берілген түгендеу нөмірі, әдетте, осы мекемеде пайдаланылатын уақтысының барлық кезеңінде сақталады, Тозуына байланысты істен шыққан немесе жойылған объектілердің түгендеу нөмірлері басқаларына, жаңадан келіп түскен объектілерге берілмеуі тиіс.

Түгендеу объектісі күрделі болып табылған жағдайда яғни өзімен бірге біртұтас дүние құрайтын белгілі бір оқшауланған элементтері болса осындай әрбір элементте негізгі біріктіретін объектідегі сияқты түгендеу нөмірі жазылуға т и і с .

64. Жалға алынған активтер оларға жалға беруші берген түгендеу нөмірлерімен "Жалға алынған активтер" атты баланстан тыс 01- шотта есептеледі .

65. Активтердің талдау есебі сандық-сомалық көріністегі айналыс ведомстволарында және NOC-6-ш/м нысанындағы түгендеу карточкаларында жүргізіледі (22 қосымша). Карточкалар әрбір түгендеу объектісі (бұйымы) бойынша жүргізіледі. Біртектес бұйымдар NOC-6-ш/м нысанындағы карточкаларда есептеледі (23 қосымша).

NOC-6-ш/м және NOC-9-ш/м нысанындағы түгендеу карточкалары активтерді есептеу жөніндегі түгендеу карточкаларының тізімдемесінде тіркеледі (NOC-10-ш/м нысанында, 24 қосымша).

Тізімдеме бір данада жүргізіледі. Ондағы жазбалар карточкалардың ашылған жылы көрсетіліп, активтер тобының тұрғысынан жүргізіледі. Әрбір топ үшін парақтардың тиісті сандары бөлінеді. Нөмірлеу әрбір топ бойынша 1-нөмірден бастап жүргізіледі. "Ауыстыру" графасында активтер істен шыққан және ауысқан жағдайда тізімдемеде мемориалдық ордер нөмірінің күні (күні, айы, жылы), істен шығуының себептері көрсетіледі.

66. NOC-6-ш/м және NOC-9-ш/м нысанындағы карточкаларында жазбалар бастапқы құжаттардың: пайдалануға берілуі туралы қабылдау актісінің, дайындаушы зауыттың техникалық паспорттарының және басқа да құжаттардың негізінде жүргізіледі. Карточкада объектілердің (бұйымдардың) өздеріне тән белгілері: сызбасы, үлгісі, түрі, маркасы, зауыт нөмірі, шығарылған (дайындалған) күні, активтерді пайдалануға енгізген актілердің күні мен нөмірі көрсетіледі. Бұдан басқа объектінің (бұйымның) қысқаша жеке-дара сипаттамасы жазылады. Құрал-жабдықтардың, аспаптардың, есептеу техникасының және тағы басқаларының құрамында қымбат бағалы металдар болған жағдайда "Объектінің

қысқаша жеке-дара сипаттамасы" бөлімінде құрамында қымбат бағалы металл бар бөлшектердің тізбесі, бөлшектердің атауы және паспортта көрсетілген металдың салмағы көрсетіледі.

Бухгалтерлік қызметтің кітапханалық қорларын есепке алу құндық көрініс табуымен (теңгеде және АҚШ долларында) карточкаларда жүргізіледі. Кітапханалық қорлардың талдау есебі кітапхананың түгендеу кітабында жүргізіледі (НОС-Б-ш/м нысаны, 25 қосымша), ал есептен шығаруға N 444-ш/м нысанындағы акті қолданылады (26 қосымша).

67. Жаңадан тұрғызылған ғимараттар мен құрылыстарды пайдалануға берген кезде олардың құны дебет бойынша N 010 және N011 қосалқы шоттарда сондай-ақ кредит бойынша N 250 қосалқы шотта жазылады.

Басқа да мекемелер мен ұйымдардан белгіленген тәртіппен қайтарымсыз түсетін активтер осы мекемелер мен ұйымдардың балансында қалай есептелсе, соншалықты құнымен, ал баланстық құны туралы деректер болмаған жағдайда - лимиттердің өкім жүргізушісі бекіткен актінің негізінде комиссияның бағалауы бойынша есепке қабылданады. Және де "Активтер" есебі дебеттеледі, ал "Активтер сипатындағы қор" кредиттеледі.

Сатып алынған активтердің құны 01 шотының қосалқы шоттар дебетіне және кредиті "Ақшалай қаражат" бөлімінің немесе "Есеп айырысулар" бөлімінің тиісті қосалқы шоттарына жазылады. Сонымен бір мезгілде дебет бойынша N 200, 203, 204, 215 қосалқы шоттары, кредиті бойынша N 250 қосалқы шотының жазбасы ж а с а л а д ы .

Артық, пайдаланылмайтын құрал-жабдықтарды және басқаларын өткізу дебет бойынша N 250 шотта және кредит бойынша NN 013-016, 019 қосалқы шоттарында көрініс табады. Сонымен бір мезгілде келіп түскен және бюджет кірісіне аударуға жататын сомаларға дебет бойынша NN 115, 120, 178, ал кредит бойынша N 173- қосалқы шоттарға екінші рет жазу жүргізіледі.

68. Көркем құндылықтарды есепке алу кезінде жекелеген заттарды егжей-тегжейлі сипаттау қажеттілігіне назар аударылады, олар: атауы, аты, авторы, дәуірі (немесе жасалған күні), материалы мен техникасы, шығарманың композициясының егжей-тегжейлі сипатталуы, мөлшері, қолдардың, күндердің және басқа да ерекше белгілерінің болуы, олардың тұрған орнының көрсетілуі. Қымбат бағалы металл бұйымдар үшін атауы, салмағы және металл сынамасы мәліметтері қамтылуы қажет. Бұйымға тән кемшіліктері (шөккен, ісінген, бұзылған, сызық түскен және тағы басқалары), ақаудың орны мен мөлшері көрсетіледі. Баланстық құнымен қатар көркем бұйымдардың соңғы түгендеу өткен кездегі делдалдық құны яғни нарықтық құны көрсетіледі. Шетелдік мекемелерге көркем құндылықтардың фотоальбомын ұстауға және жаңадан келіп түскен әрбір өнер бұйымын суретке түсіруге кеңес беріледі. Суреттің

альбомдағы нөмірі бұйымның түгендеу кітабындағы реттік нөмірімен сәйкес
к е л у і т и і с .

69. Активтердің істен шығуы мен ауыстырылуы жөніндегі операциялардың есебі N 438-ш/м нысанында жинақтаушы ведомостінде жүргізіледі.

2-бөлім. Материалдық босалқы қорлар

70. Бұл бөлімнің есебінде шетелдік мекемелерге тиесілі құрылыс-жөндеу материалдары, қондырғыға арналған жабдықтар, материалдар, азық-түліктер, отын, жанар-жағар майлар, ыдыстар, мәшинелер мен жабдықтарға босалқы бөлшектер т.б. есепке алынады.

71. Материалдық босалқы қорлар есепте және есептемеде, жеткізуші несиеге берген сатып алулар үшін процент төлемін, үстеме бағаны (үстеме ақыны), жабдықтаушы, делдалдық сыртқы экономикалық ұйымдарға төленген комиссиялық сыйақыларды, тауар биржалары қызметінің құнын, кедендік бажды, бөгде ұйымдардың күштерімен жүзеге асырылған тасымалдау, сақтау және жеткізу шығындарын қоса есептегенде, оны сатып алуға кеткен шығындардан шығатын нақты құны бойынша көрінеді.

72. Материалдық босалқы қор есебінің негізгі міндеттері: барлық материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету және оның қозғалысы мен дұрыс пайдаланылуына бақылау қою, босалқы қордың белгіленген мөлшерлері мен шығындарына бақылау жасау және пайдаланылмаған, белгіленген тәртіппен іске асырылуға тиісті материалдарды уақтылы анықтау, шетелдік мекемелердің қоймаларындағы қалдық туралы нақты мәлімет алу
б о л ы п т а б ы л а д ы .

73. Шетелдердегі мекемелердің материалдық босалқы бөлшектерінің бухгалтерлік есебі мекеме орналасқан елдің валютасымен есептеледі.

74. Материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету мен есебін дұрыс қою мақсатына тиісті ұйымды қоймалық есеппен қамтамасыз ету қажет. Материалдық құндылықтарды сақтау арнайы жарақтандырылған орындарда (қоймаларда) жүргізілуі тиіс. Қойма орындарында материалдық құндылықтарды орналастыру тәртібі оларды қабылдап алу, беру, түгендеу жағдайында операцияның жылдам өтуін қамтамасыз етуі тиіс. Материалдық құндылықтарды қабылдап алуға, сақтауға және босатуға жауапкершілік, шетелдік мекеме басшысының бұйрығымен тағайындалған белгілі бір материалдық жауапкершілікті тұлғаға жүктелуі тиіс. Мұндай тұлғалардың алмасуы қоймалардың түгенделуі мен шетелдік мекеме басшысы бекіткен қабылдау-тапсырып алу актілері жасалуы арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

75. Материалдық құндылықтардың бухгалтериядағы есебі айналым

ведомостерінде (N М-44-ш/м нысаны, 27-қосымша) немесе материалдардың атаулары бойынша сандық-сомалық есеп кітабында сандық және сомалық көрсеткіште жүргізіледі.

76. Материалдар мен азық-түліктер бухгалтерлік есептің кіріс бойынша тіркеліміне құндылықтың алынған күні көрсетілген айғақтаушы (шоттар, актілер және басқа) құжаттар негізінде жазылады. Құжаттарда осы құндылықтарды қабылдап алған материалдық жауапкершілікті тұлғаның қолхаты болуы тиісті.

Жеткізушінің құжаттарындағы деректерде алшақтық болған жағдайда, жеткізушінің немесе мүдделі емес ұйым өкілінің қатысуымен қабылдап алу актісі жасалады. Актінің бір данасы қабылданып алынған құндылықтардың есебін жүргізу үшін, екіншісі жеткізушіге талап қою үшін пайдаланылады.

77. Басқа елден алынған материалдар мен өкілдік азық-түліктер, оны жеткізу шығындарын, жолда қауіпсіздендірілуін және басқа қосымша шығындарды қоса есептегенде, оның сатылып алынған құны бойынша есепке алынады.

78. Қоймадан материалдардың берілуі бухгалтер жазып, қол қоятын талап (N 434-ш/м нысаны; 28-қосымша) бойынша жүзеге асырылады. Материалдардың жұмсалуды туралы актіні мекеме басшылары бекітеді. (N 434-ш/м нысанының 29-қосымшасы).

Материалдар мен өкілдік азық-түліктерді жұмсауға есептен шығару, қабылданып алынғаннан кейінгі 2-3 күн ішінде материалдық жауапкершілікті тұлға жасаған N 8-М-ш/м нысанында (30-қосымша) есеп және оған қосымша материалдар босату туралы талап негізінде немесе өкілдік қабылдауға қаржы жұмсау туралы қосымша талап негізінде жүзеге асырылады. (N 26у-ш/м нысаны; 31-қосымша).

Шетелдік мекеме басшысы бекіткен N 299/1-ш/м нысанындағы (32-қосымша) мәзірлік-таратылым негізінде күн сайын жасалатын N 299-ш/м нысанындағы (33-ші қосымша) мәзірлік-талап пен N 299/2-ш/м нысанындағы (34-шы қосымша) қабылдау өткізу жөніндегі шығыс сметасы азық-түлік босату үшін құжат болып табылады.

Қабылдаудан кейін пайдалануға жарамды азық-түлік пен шараптар қоймаға өткізіледі. Есеп берілгенде кіріс жүкқұжатының нөмірі мен қоймаға өткізілген азық-түліктің мөлшері көрсетіледі.

79. Отын қоймадан белгіленген нормаларға сәйкес беріледі. Талап бойынша отын беру мүмкін болмаған жағдайда, отын жұмсалымын есептен шығару қалдықты кем өлшеудің ай сайынғы актілері бойынша жүргізіледі.

Бензин, автол немесе бензин мен автол құйдыру үшін талондар тізімдеме бойынша беріледі. (N 457-ш/м нысанының 36-қосымшасы). Ай сайын бензин беруге жеке, автол беруге жеке тізімдеме ашылып отырады. Айдың соңында жүргізуші-механик бензин жұмсалымы туралы N 457-ш/м нысаны бойынша (35-

қосымша) есеп береді, соның негізінде бензин мен автол құны шығысқа есептен шығарылады. Бензин нақты жұмсалым бойынша есептен шығарылады, алайда автомәшине маркасы үшін белгіленген мөлшерден жоғары болмауы керек. Белгіленген жұмсалым мөлшерімен салыстырғанда, кем өлшеу актісі бойынша бензин жетпеген жағдайда, шетелдік мекеме басшысы артық жұмсалымның себептерін анықтау шараларын жасайды, тиісті жағдайда өндіріп алу шарасын қолданады.

№ 04 "Құрал-жабдықтар, құрылыс материалдары және ғылыми зерттеулер үшін материалдар" шоты

80. Бұл шотта салынып жатқан құрылыс объектілерінде құрылуға тиісті жабдықтар, құрылыс материалдары, бөлшектер және басқа да күрделі қаржы жұмсалымына бюджет бойынша бөлінген қаржы есебінен алынған материалдық құндылықтар есепке алынады.

81. № 04 "құрал-жабдықтар, құрылыс материалдары және ғылыми зерттеулер үшін материалдар" шоты қосалқы шоттарға бөлінеді:

а) 040 "Қондырғы құрал-жабдықтары",

ә) 041 "Күрделі құрылыс салу үшін құрылыс материалдары".

82. №040 қосалқы шотта - орнатуға дайын құрылыстың конструкциялары мен бөлшектері, жинақтау элементтері, жылу, желдеткіш жүйелеріне, санитарлық-техникалық және басқа жүйелерге арналған жабдықтар.

83. № 041 қосалқы шотта - күрделі құрылысқа арналып және құрылыс пен монтаж жұмыстары барысында пайдаланылатын қаржы есебінен сатылып алынатын құрылыс материалдары есепке алынады.

№ 06 "Материалдар мен тамақ өнімдері" шоты

84. Бұл шотта материалдар мен тамақ өнімдері олардың заттық сипаттары бойынша есепке алынады.

№ 06 "Материалдар мен тамақ өнімдері" шоты мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

№ 061 "Тамақ өнімдері",

№ 062 "Дәрі-дәрмектер және дәкелік материалдар",

№ 063 "Шаруашылық материалдары және кеңселік құралдар",

№ 064 "Отын, жанар-жағар май материалдары",

№ 068 "Жолдағы материалдар",

№ 069 "Мәшинелер мен жабдықтарға қосалқы бөлшектер".

85. № 061 "Тамақ өнімдері" қосалқы шотында өкілдік іс-шара және басқа

мақсаттар үшін сатылып алынған шарап, темекі және басқа өнімдер есепке алынады.

Қабылдау өткізу және оған қызмет көрсету іс-шаралары қажетті құжаттармен ресімделіп, шығыс сметасы жасалады.

Қазақстаннан барған делегацияны және жеке тұлғаларды қарсы алу және шығарып салуларды ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Сыртқыісминінің жазбаша нұсқауы болған жағдайда жүзеге асырылады.

86. N 062 "Дәрі-дәрмектер және дәкелік материалдар" ішкі шотында - дәрі-дәрмектер, компоненттер, бактериялық препараттар, қан сары суы, вакциналар, қан және дәкелік құралдар есепке алынады.

87. N 063 "Шаруашылық материалдары және кеңселік құралдар" ішкі шотында - шетелдік мекемелердің ағымдағы қажеттіліктері үшін пайдаланылатын шаруашылық материалдары мен кеңселік құралдар, ағымдағы және күрделі жөндеулерге арналған құрылыс материалдары есепке алынады.

88. N 064 "Отын, жанар-жағар май материалдары" ішкі шотында отынның, жанар-жағар майдың барлық түрлері (бензин, жермай, дизель отыны, мазут, көмір және т.б.) есепке алынды.

89. N 068 "Жолдағы материалдар" ішкі шотында - шетелдік мекемелер басқа қалалық жеткізілім бойынша төлеген, бірақ айдың соңына дейін қоймаға түспеген материалдар есепке алынады. Бұл ішкі шотта көрсетілген сомалар тиісті құжаттармен, атап айтқанда, жолда жүрген материалдар станса немесе порт мортанбасы соғылған темір жол немесе су көлігі жүкқұжаттарымен расталуы тиіс.

90. N 069 "Мәшинелер мен жабдықтарға қосалқы бөлшектер" ішкі шотында - мәшинелердің, жабдықтардың, тракторлардың, комбайндардың және басқа көлік құралдарының ескірген бөлшектерін жөндеу және ауыстыруға арналған қосалқы бөлшектер есепке алынады.

Қосалқы бөлшектердің талдамалы есебі олардың атаулары, маркалары, зауыттық нөмірлері, сандары, құны және материалдық жауапкершілікті тұлғалары бойынша N 296-ш/м нысанындағы кітапта (37-қосымша) жүргізіледі. Мұнда, қоймадан ескіргендерінің орнына берілетін автокөлік дөңгелектерінің шинасы мен резеңке қаптарын, бухгалтерлік қызмет оны алушы адамның аты-жөні, қызметі, алған күні және зауыттық нөмірлер көрсетілетін арзан қолды және тез тозатын заттар қозғалысын жедел (сандық) есепке алатын N 412-ш/м нысанды (38-қосымша) тізімдемесі бойынша есепке алады. "Істен шығуы туралы белгі" деген бағанға жарамсыздығына байланысты пайдаланылудан шыққан автомәшине шинасының немесе резеңке қабының зауыттық нөмірі мен ай-күн жазылады.

91. "Материалдар мен тамақ өнімдері" талдамалы есебі атаулар, сұрыптар,

сандар, құн және материалдық-жауапкершілікті тұлғалар бойынша N M-44-ш/м нысанды айналым тізімдемесінде жүргізіледі.

Айналым тізімдемесіндегі жазбалар кіріс және шығыс бойынша құжаттар негізінде жасалады. Айналым тізімдемесінде ай сайын айналымдар есептеледі және айдың соңына қалдық шығарылады.

92. Сатылып алынған материалдардың құнына N 06 шоттың тиісті қосалқы шоттарының дебетіне және N 12, 16, 17 шоттардың тиісті қосалқы шоттарының кредитіне жазба жасалады.

Жұмсалған материалдардың құны N 06 шоттың тиісті қосалқы шоттарының кредитіне және N 20 шоттың тиісті қосалқы шоттарының дебетіне жазылады.

Артық қалған және пайдаланылмаған материалдарды өткізу NN 115, 120, 178 шоттардың қосалқы шоттарының дебеті бойынша және N 060-066, 069 шоттардың қосалқы шоттарының кредиті бойынша көрініс табады. Онымен бір уақытта N 140 қосалқы шоттың дебеті бойынша және N 173 қосалқы шоттың кредиті бойынша қаржыландырудың азаюына жазба жасалады.

93. Тамақ өнімдерінің кірісі мен шығысы жөніндегі операциялар есебі N 398-ш/м нысанды (N 11 мемориалдық ордер) және N 411-ш/м нысанды (N 12 мемориалдық ордер) жинақтаушы тізімдемелерде, ал материалдардың жұмсалудың N 396-ш/м нысанды (N 13 мемориалдық ордер) жинақтаушы тізімдемеде жүргізіледі.

3-бөлім. Арзан қолды және тез тозатын заттар

94. Бұл бөлімде шетелдік мекемеге тиесілі барлық арзан қолды және тез тозатын заттардың қолда бары мен қозғалысы есепке алынады.

Арзан қолды және тез тозатын заттардың құрамына осы нұсқаулықтың 38-тармағының "а", "б", "в" тармақшаларында аталған заттар есептеледі.

95. N 07 "Арзан қолды және тез тозатын заттар" шоты мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

N 070 "Қоймадағы арзан қолды және тез тозатын заттар", N 071 "Пайдалануда тұрған арзан қолды және тез тозатын заттар",

N 072 "Қоймадағы төсек-орын қажеттіліктері, киім және аяқ киімдер"

N 073 "Пайдалануда тұрған төсек-орын қажеттіліктері, киім және аяқ киімдер"

96. N 070 "Қоймадағы арзан қолды және тез тозатын заттар" қосалқы шотында қоймада тұрған арзан бағалы және тез тозатын заттар есепке алынады.

Арзан қолды және тез тозатын заттар олардың сатылып алынуларына қарай есепте N 070 қосалқы шоттың дебеті бойынша және N 115, 120, 160 т.б. қосалқы шоттардың кредиттері бойынша көрініс табады. Сонымен бір мезгілде N 200 "

Бюджет бойынша ұйымды ұстауға және басқа іс-шараларға арналған шығыстар" қосалқы шотының дебеті және N 260 "Арзан қолды және тез тозатын заттар сипатындағы қоры" қосалқы шотының кредиті бойынша жазбалар жасалады.

97. N 071 "Пайдалануда тұрған арзан қолды және тез тозатын заттар" қосалқы шотында пайдаланыста жүрген арзан қолды және тез тозатын заттар есепке а л ы н а д ы .

Арзан қолды және тез тозатын заттарды есептен шығару олардың тозғандығына байланысты шетелдік мекеме басшысы бекіткен тиісті актілер негізінде жүргізіледі. Пайдаланыстан шыққан заттардың сомасына N 260 қосалқы шоттың дебеті және N 071 шоттың кредиті бойынша жазба жасалады.

Арзан қолды және тез тозатын заттардың пайдаланыстан шығуы және орын ауыстырулары жөніндегі операциялар есебі N 438-ш/м нысанды (N 10 мемориалдық ордер) жинақтаушы тізімдемеде жүргізіледі.

98. Арзан бағалы және тез тозғыш заттардың талдамалы есебі сол елдің валютасымен заттардың атаулары, саны және олардың сақталу немесе пайдаланылу орындары бойынша N 44 нысанды айналым тізімдемесінде ж ү р г і з і л е д і .

99. N 072 "Қоймадағы төсек-орын қажеттіліктері, киім және аяқ киімдер" қосалқы шотында мыналар есепке алынады: 1) төсек-орын және оның қажеттіліктері (матрацтар, жастықтар, ақжаймалар, көрпе-жастықтың тыстары, төсек жапқыштар, ұйықтауға арналған қапшықтар және т.б.); 2) арнайы киімдерді қоса есептегенде, киім-кешектер мен формалық киімдер; 3) арнайы аяқ киімдерді қоса есептегенде, аяқ киімдер; 4) спорттық киім-кешектер мен аяқ к и і м д е р .

Бұл заттардың сатылып алынуларына қарай, олардың құны N 072 қосалқы шоттың дебеті бойынша және "Ақша қаражаты" бөлімінің немесе "Есеп айырысулар" бөлімінің тиісті қосалқы шоттардың кредиті бойынша көрініс табады. Сонымен бір мезгілде N 20, 21 қосалқы шоттарының дебеті және N 260 қосалқы шоттың кредиті бойынша жазба жасалады. Қоймадан пайдалануға заттар босатылуы кезінде N 073 қосалқы шот дебеттеліп, N 072 қосалқы шот к р е д и т т е л е д і .

Төсек-орын қажеттіліктерінің, киім-кешек пен аяқ киімдердің талдамалы есебі олардың атаулары, саны, бағалары, топтары және материалдық жауапкершілікті тұлғалары бойынша N 296а-ш/м нысанды карточкада ж ү р г і з і л е д і .

100. N 073 "Пайдалануда тұрған төсек-орын қажеттіліктері, киім және аяқ киімдер" қосалқы шотында мекемелерде пайдаланыста жүрген заттар есепке алынады. Арнайы белгі соғылмаған төсек-орын қажеттіліктерінің, т.б. заттардың пайдаланыста жүргендігіне материалдық жауапкершілікті тұлғалар жауап береді.

Бұл заттар есептен шығарылғанда немесе қайтарымсыз берілгенде N 260 қосалқы шот дебеттеліп, N 073 қосалқы шот кредиттеледі.

101. Ескіріп тозған және жарамсыз болып қалған төсек-орын қажеттіліктерін, киім-кешек пен аяқ киімдерді есептен шығару шетелдік мекеме басшысы бекіткен N 443-ш/м нысанды "Төсек-орын қажеттіліктерін, киім-кешектер мен аяқ киімдерді, құралдарды, өндірістік шаруашылық құрал-саймандарын есептен шығару акті" актісі негізінде министрліктер мен мемлекеттік комитеттер өз жүйелері үшін бекіткен қызмет мерзімдері ескеріле отырып жүргізіледі.

4-бөлім. Ақшалай қаражат

102. Бұл бөлімнің N 091, 095, 113, 115, 120 қосалқы шоттарында шетелдік мекемелер өздерінің ұстауларына берілген ақшалай қаражат, басқа ұйымдар мен тұлғалардың осы мекемеге пайдалануға аударған ақшалай қаражатын, сондай-ақ банк пен кассадағы есеп шоттардағы және жолдағы ақша қаражаттарының қозғалысы есепке алады.

Ашық лимит сомаларына ашық лимитті реттеушілер N 091, 095 қосалқы шоттардың дебетіне және N 14 шоттың тиісті қосалқы шотының кредитіне жазба жасайды.

103. N 091 "Жолдағы ашық лимиттер" қосалқы шотында Қазақстан Республикасының Сыртқыісминінен бөлінген, бірақ шетелдік мекемелер тек келесі айда алатын лимиттер есепке алынады.

104. N 095 "Мақсатсыз пайдаланылудан қайтарылып (өндіріліп) алынған қаражаттың лимиттері" қосалқы шотында арналған мақсатқа пайдаланылмаған қаражатты бюджетке қайтарып (өндіріп) алу нәтижелері көрініс табады.

105. Сыртқы қарыздар бойынша қаражаттың түсімі мен жұмсалымы жөніндегі қаржы операциялары N 113 "Сыртқы қарыздар бойынша арнайы шот" қосалқы шоты бойынша есепке алынады.

Сыртқы қарыздар бойынша арнайы шотқа қаражат түскен кезде N 113 қосалқы шоттың дебетіне, N 239 "Жобаларды сыртқы қарыз қаражатынан қаржыландыру" қосалқы шотының кредитіне жазба жасалады.

106. N 115 "Есеп айырысу шоты" қосалқы шотында шетелдік мекемеге түсіп, банкте сақталып тұрған шетелдік валюта есепке алынады. Жеке шетелдік мекемелер өздері тұрған елдің валютасымен қатар, банктегі есеп шотта қаржыландыру валютасын (еркін өтімді валютаны) және басқа түсімдерді сақтайды.

С о н д а й - а қ :

*консулдық қызмет көрсетуден (консулдық алым),

*материалдық-мүліктік құндылықтарды өткізуден,

*материалдық-мүліктік құндылықтардың жетімсіздігін кінәлі адамдардан өндіріп алудан түскен қаражаттар есепке алынады.

Есеп шот ашылған барлық банктерде қолма-қол ақша беру, чектерді төлеу және шетелдік мекеме есеп шотынан ақша қаражатын аудару тек екі тұлғаның: шетелдік мекеме басшысының және бухгалтерінің немесе белгіленген тәртіп бойынша шетелдік мекеменің лимиттерін реттеу құқығы берілген тұлғаның қолы қойылған құжат бойынша жүргізілетіндігі жазбаша түрде келісілуі керек.

N 115 қосалқы шот бойынша қалдық банктегі қалдықпен сәйкес келуі тиіс, олар шетелдік мекеменің шоты ашылған банктің көшірмелерімен расталады.

107. Шетелдік мекеменің есеп шоттарындағы ақша қаражатының қозғалыстары бойынша операциялардың есебі N 274-ш/м нысанды (N 2 мемориалдық ордер) жинақтаушы тізімдемеде жүргізіледі. Мекемеге бірнеше шот ашылған жағдайда, мемориалдық ордерлерге N 2-а, 2-б, 2-в, 2-г нөмірлері беріліп, әр шотқа жеке-жеке жинақтаушы тізімдеме жасалады.

108. Алынған материалдық-мүліктік құндылықтар немесе көрсетілген қызмет үшін фирмаларға (компанияларға) шотесепке төлеуге берілген чектер айдың соңына дейін төленбеген болса, N 178 "Өзге де дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысулар" қосалқы шоты бойынша, жинақтаушы тізімдеме (N 408-а-ш/м) жасай отырып, жеке карточкаға есепке алу керек.

109. N 120 "Касса" қосалқы шотында шетелдік мекемелер кассасында ақша қаражатының бары есепке алынады. Шетелдік мекемелерде касса операцияларын енгізу мен касса құжаттарын ресімдеу, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің 1997 жылғы 8 қыркүйектегі N 298 бұйрығымен бекітілген "Бюджеттік ұйымдарда кассалық операцияларды жүргізудің уақытша тәртібімен", оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ескеріле отырып, анықталған.

Банктен алынған қолма-қол ақша сол күні кассалық кіріс ордері бойынша (N КО-1-ш/м нысаны, 39-қосымша) шетелдік мекеме кассасына кіріске алынады. Кассалық кіріс және шығыс ордерлері кассаға берілгенге дейін кассалық кіріс және шығыс ордерлерін тіркеу журналында (N КО-3а-ш/м нысаны, 40-қосымша) т і р к е л е д і .

Шетелдік мекеме кассирінің қолма-қол ақшаны қабылдауы бухгалтердің немесе ол өкілеттік берген тұлғаның қолы қойылған кассалық кіріс ордері бойынша, олардың және кассирдің қолы қойылған, кассирдің мөрімен (мөртаңбасымен) расталған квитанция беріліп жүргізіледі.

110. Кассадан шаруашылық жұмсалымдарға қолма-қол ақша, бұл есеп айырысуды есеп шот арқылы жүзеге асыру мүмкін болмаған, ерекше жағдайларда ғана беріледі.

Мақсатты пайдаланысқа кассадан ақша беру кассалық шығыс ордерлері (N КО-2-ш/м нысаны, 41-қосымша) арқылы немесе мөртаңба қойылып, кассалық

шығыс ордерінің деректемелері жазылып, тиісті ресімдеуден өткен басқа құжат а р қ ы л ы ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Кассирдің жұмысқа тағайындалғандығы туралы бұйрық шыққан соң, шетелдік мекеме басшысы кассирді жоғарыда көрсетілген Уақытша тәртіппен таныстырып, одан танысқандығы жөнінде қолхат алған соң, кассирмен немесе оны алмастырушы тұлғамен оның толық жеке материалдық жауапкершілігі т у р а л ы ш а р т ж а с а л а д ы .

111. Шетелдік мекемелердегі кассалық операциялардың есебі N КО-4-ш/м нысанды кітапта жүргізіледі. Кассир әрбір кассалық ордер немесе оны алмастыратын басқа құжат бойынша ақша қабылдағаннан немесе бергеннен кейін бірден кассалық кітапқа жазба жүргізеді. Күн сайын, жұмыс күннің соңында кассир күні бойғы операциялар нәтижелерін есептеп, кассадағы қалдық ақшаны келесі күнге шығарып, кассирдің есебі ретінде бухгалтерияға тапсырып, екінші жыртылмалы парақты (кассалық кітаптағы күні бойғы жазбалардың көшірмесін) кіріс және шығыс құжаттарымен қосып қолхат бойынша кассалық кітапқа қалдырады. Мұнымен бір мезгілде кассир кассадағы қолма-қол ақшаны нақты қолма-қол ақшамен салыстырып тексереді.

Кассалық кітаптың және N 453-ш/м нысаны (42-қосымша) бойынша мақсатты пайдаланысқа арналған қолма-қол ақшаның қолданылуына бақылау жасау кітабының дұрыс жүргізілуіне бақылау жасау бухгалтерге немесе шетелдік мекемеде бухгалтерлік есеп жүргізуді қамтамасыз ететін бөлімшені басқаратын т ұ л ғ а ғ а ж ү к т е л е д і .

112. Консулдық қызмет көрсетуден түсетін ақша қаражаты қозғалысының есебі N 120 "Касса" қосалқы шотында есепке алынуы керек.

5-бөлім. Қаржыландыру бойынша ішкі ведомстволық есеп айырысулар

113. Бұл бөлімнің қосалқы шоттарында Қазақстан Республикасының Сыртқыісмині мен шағын ведомстволық шетелдік мекемелер арасындағы сметалардың орындалуы барысында туындайтын бюджеттен қаржыландыру бойынша есеп айырысулар есепке алынады.

114. N 140 қосалқы шотта Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің 1995 жылғы 18 қыркүйектегі N 239 бұйрығымен бекітілген Қаржыландыру жоспарын құру және қолма-қол ақша ағынын болжау бойынша нұсқаулыққа және оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінен алынған қаржыландыру сомасы есепке алынады.

Бұл қосалқы шот бойынша талдамалы есеп N 16-в-ш/м нысанындағы модификацияланған (түрлендірілген) карточкада қаржыландыру валютасымен,

ұлттық валютамен және теңгемен жылдың басынан бергі өспелі қорытындымен жүргізіледі.

Талдамалы есептің негізінде шетелдік мекемелер мерзімдік бухгалтерлік есеп беру кезінде өздерінің қаржыландыруға алған ақшалай қаражат туралы анықтама толтырып тапсырады немесе осы шот бойынша талдамалы есептің көшірмесін тапсырады.

115. Шетелдік мекемелердің жұмыс тәжірибелерінде, Қазынашылық комитетінің шығыс сметасы бойынша немесе Орталықтың шоты бойынша аударған сомалары, салықтар мен алымдары немесе Банк ескермеген бағамдық айырмаларды ұстап қалу нәтижесінде, есеп шоттарға Қазақстан Республикасының Сыртқыісминінің хабарламасында көрсетілгеннен едәуір кем немесе артық сомада есептелетін жағдайлар болады. Мұндай жағдайларда аударылған соманы Қазақстан Республикасы Сыртқыісминінің хабарламасында көрсетілген сомаға тура сәйкестілікпен N 140 қосалқы шотқа есептеу керек, ал айырмасын ақша сомаларының түсуіне байланысты шығындарға (банктің комиссиялық алымдары, пошта шығындары, салықтар және т.б.), 159-шы "Басқа да ағымдағы шығындар" ерекшеліктері бойынша есептен шығару керек, қалған барлық бағамдық ауытқулар болып табылатын оң және теріс ауытқуларды N 178 қосалқы шотқа есептен шығару керек.

Қазақстан Республикасының Сыртқыісминінің шетелдік мекемесінің кассасындағы және есепшотындағы жергілікті валютаға еркін айырбасталатын валюта қаржысының қалдығын бұл валюталардың бағамдары өзгерген кезде қайта есептеу нәтижесінде туындаған бағамдық айырмалар N 178 қосалқы шотқа жатқызылады, ал тапсырмалар (N 176 қосалқы шот) бойынша сомалардың бағамдық айырмалары қажеттіліктер бойынша жатқызылады.

Мұнда ескеретін жағдай, айырмаларды есептен шығару олардың пайда болу себептерін мұқият тексергеннен кейін ғана жүргізілуі керек. Бағамдық айырманың едәуір сомасын есептен шығару тәртібі әрбір жеке жағдайда Қазақстан Республикасы Сыртқыісминінің валюталық қаржы бөлімімен (ВҚБ) келісіледі.

116. Жылдың соңында жыл бойғы аударылған және есепке алынған несиелер бойынша, сондай-ақ "Өзге де дебеторлармен және кредиторлармен есеп айырысулар" қосалқы шоты бойынша барлық есептер мұқият тексеріліп, ауытқушылықтарын Қазақстан Республикасы Сыртқыісминінің ВҚБ-сы реттеуі тиіс.

Қосалқы шоттар бойынша желтоқсандағы бухгалтерлік есепке енгізілген 1 қаңтарға дейінгі қалдықтарды есептеп шығарғаннан кейін, "Бас-журнал" кітабына шығындарды жабу және жыл бойғы қаржыландыру бойынша тиісті бухгалтерлік жазбалар жасалуы керек:

а) N 200 "Бюджет бойынша ұйымды ұстауға және басқа іс-шараларға арналған шығыстар" қосалқы шотының кредиті жыл бойы жасалған шығыстың барлық сомаларына, N 140 "Ұйымның және басқа іс-шаралардың шығыстарын бюджеттен қаржыландыру бойынша есеп айырысулар" қосалқы шотының дебетін осы сомаларға жабады.

ә) Осы жазбалардан кейін есептеліп шығарылған N 178 "Өзге дебеторлармен және кредиторлармен есеп айырысулар" қосалқы шоты бойынша қалдықтар келесі жылдың 1 қаңтарына кіріс сальдосы болып табылады.

б) N 203 "Бюджет бойынша күрделі қаржы салуға арналған шығыстар" қосалқы шоты аяқталған және пайдалануға берілген объектілер бойынша мемлекеттік комиссияның жұмысты қабылдап алу актісі негізінде, мекеменің осы объектілердің құрылысына шығарған шығынының барлық сомасына шетел валютасымен кредиттеледі, ал N 150 "Жеткізушілер және мердігерлермен есеп айырысулар" қосалқы шоты осы сомаға дебеттеледі. Құрылыс немесе жаңғырту жұмыстары аяқталғаннан кейін қалған бөлінген қаржының қалдығы есеп айырысу шотына аударылады.

Аяқталмаған және пайдалануға берілмеген құрылыс және жаңғырту объектілері бойынша қаржыландырулар немесе шығындар N 203 қосалқы шотқа қалдық ретінде келесі жылдың балансына өтеді.

6-бөлім. Есеп айырысулар

117. Бұл бөлімде шетелдік мекемелердің жеткізушілермен және мердігерлермен тауарлар мен көрсетілген қызмет үшін есеп айырысулары, міндеттемелер бойынша сыртқы қарыздар есебінен есеп айырысулары, есеп беретін тұлғалармен есеп айырысулары, бюджетке төлемдер бойынша, тапсырмалар бойынша жұмсалымға алынған ақшалай қаражат бойынша, депоненттермен, сондай-ақ басқа да дебеторлармен, кредиторлармен есеп айырысулары есепке алынады.

118. Мекеменің бухгалтері дебиторлық берешектердің уақтылы өндіріліп алуына және несиегерлерге тиесілі сомалардың уақтылы қайтарылуына қол жеткізе отырып, есеп айырысулар тәртібінің сақталуын жүйелі түрде қадағалауға міндетті.

"Есеп айырысулар" бөлімінің шоттары бойынша қалдықтар жылдың соңында келесі жылдың балансына өтеді.

Талдамалы есеп карточкада (кітапта), N 408-ш/м, N 386-ш/м нысанындағы жинақтау тізімдемелерінде жүргізіледі.

119. N 150 "Жеткізушілермен және мердігерлермен есеп айырысулар" қосалқы шотында күрделі салымдар қаражаты есебінен алынған құрылыс

материалдары, құрылғылар мен бөлшектер үшін, орнатылатын жабдықтар және т.б. үшін жеткізушілермен есеп айырысулар есепке алынады.

Бұл қосалқы шотта мердігерлермен есеп айырысулар, оларға берілген аванстар, сондай-ақ орындаған жұмыстары үшін аралық есеп бойынша есеп айырысулар есепке алынады.

Бұл шоттың дебетіне мердігерлерге берілген аванстар мен мердігерлерге тапсырылған құрылғылар мен бөлшектерге төленген сомалар жазылады. Кредитіне мердігерлердің орындаған және қабылданған жұмыстары үшін есептері бойынша сомалар жатқызылады.

120. N 151 "Міндеттемелер бойынша сыртқы қарыздар есебінен есеп айырысулар" қосалқы шотында жоба бойынша жұмыс (қызмет) орындауға шарт жасасқан жеткізушілермен және мердігерлермен есеп айырысулар есепке алынады.

N 151 қосалқы шот бойынша талдамалы есеп әрбір жеткізуші мен мердігер бойынша N 292-а-ш/м (44-қосымша) нысанды талдамалы есеп карточкасында жүргізіледі.

121. N 160 "Есеп беретін тұлғалармен есеп айырысулар" қосалқы шотында қолма-қол ақшасыз төлеуге болмайтын, есеп беретін тұлғаларға шаруашылық, іссапар және басқа шығыстар үшін берілген аванстар есепке алынады. Қызметкерлерге есеп берілетін аванс шетелдік мекеме басшысының өкімімен беріледі.

Есеп берілетін ақша көрсетілген тиісті мақсаттарға ғана жұмсалынады. Аванс сомасының жұмсалғандығы туралы есеп беруші тұлғалар іссапардан оралғаннан кейін үш күннен қалдырмай немесе шаруашылық мақсатында аванс алған күннен бастап он күннің ішінде шетелдік мекеменің бухгалтериясына белгіленген N 286-ш/м, N 20-ш/м (45, 46 қосымшалар) және N 26у-ш/м нысандары бойынша жасалған шығыстары жұмсалымдарды растайтын барлық құжаттарды қосып, аванстық соманың жұмсалғандығы туралы есеп тапсырады. Аванстық есепке қосылып тапсырылатын құжаттар есеп беруші адамның есебіндегі жазбаның тәртібімен нөмірленеді.

Бухгалтерлік қызметте аванстық есептер арифметикалық жағынан тексеріледі, сондай-ақ құжаттардың, қаржының өз мақсатында жұмсалудың дұрыс ресімделгендігі тексеріледі. Тексерілген аванстық есептерді шетелдік мекеме басшысы бекітеді.

Аванстың пайдаланылмаған қалдығын есеп беруші адам аванстық есеп бергеннен кейін үш күннен қалдырмай өткізуі керек. Жанадан аванс беру бұрынғы аванс қайтарылғаннан соң жүргізілуі мүмкін.

N 160 қосалқы шоттың дебеті бойынша N 120 және 115 ақша қаражаты қосалқы шоттарымен есеп беруші тұлғаларға берілген сомаға, ал кредиті

бойынша осы шоттармен аванстың қалған қалдығының сомасына, сондай-ақ NN 040, 070, 178, 200, 203, 215 қосалқы шоттармен есеп берілген соманың нақты шығыс сомасына байланысады.

122. Есеп беруші тұлғалармен есеп айырысудың талдамалы есебі N 386-ш/м нысанды (N 8 мемориалдық ордер) есеп беруші тұлғалармен есеп айырысулар бойынша жинақтаушы тізімдемеде жүргізіледі. Бұл тізімдемедегі есеп ұстанымдық тәсілмен жүргізіледі. Әрбір жолға есеп беруші тұлғаның фамилиясы, берілген аванстың және жасалған жұмсалымның сомасы, сондай-ақ аванстың пайдаланылмай қалған қалдығының сомасы жазылады. Айдың соңында "Есеп бойынша шығыс сомасы бекітілді" деген баған бойынша - N 160 қосалқы шоттың кредиті және "Қосалқы шоттар дебеті", "Екінші жазбалар" бағандары бойынша "Бас-журнал" кітабына жазылады.

123. N 170 "Жетіспеушіліктер бойынша есеп айырысулар" қосалқы шотында ақша қаражатының және құндылықтардың жетіспейтін және талан-таражға салынған сомалары, материалдық құндылықтардың бүлінуіне байланысты шығын сомалары, кінәлі адамдардың есебіне жазылған және басқа да белгіленген тәртіппен ұсталынуға тиіс сомалар есепке алынады.

Жетіспеушілікпен және талан-тиражбен келтірілген шығынның мөлшерін анықтау кезінде, шығын белгілі болған күнгі материалдық құндылықтың бағасын негізге алу керек.

